

Ақмола облысы Целиноград ауданы Қараөткел ауылдық округінің әкімі болуға кандидаттарды ұсыну қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 19 мамырда сағат 18.00-де Целиноград ауданы Қараөткел ауылдық округінің әкімі болуға кандидаттарды ұсыну кезеңі аяқталды.

Барлығы 7 кандидат ұсынылды, барлығы 7 (100 %) - өзін-өзі ұсынуымен.

Қазіргі уақытта ұсынылған кандидаттардың заңнамаға сәйкестігін анықтау және оларды тіркеу іс-шаралары жүргізіліп жатыр, тіркеу 2026 жылғы 24 мамырда сағат 18.00-де аяқталады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабы 9 тармағына сәйкес кандидаттарды тіркеу қорытындысы туралы ақпарат ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

■ Өзекті мәселе

ОҚЫТУ СЕМИНАР-КЕҢЕСІ

Ақмола облысында «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесінің деректерін өзектендіру жұмыстары аясында D (дағдарыстық) және E (шұғыл) санаттарына жатқызылған отбасылар санын азайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Қазіргі уақытта «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесінде Ақмола облысы бойынша 269 906 отбасыға біріктірілген 770 075 азамат туралы мәліметтер қамтылған. Отбасылардың жалпы санының ішінде D және E санаттарына жататын 58 777 отбасы бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл жалпы отбасылар санының 21,8 %-ын құрайды.

Апта сайын Отбасының цифрлық картасы деректерін өзектендіру жөніндегі облыстық штаб отырыстары өткізіледі. Осы жұмыс аясында Целиноград ауданына іссапар ұйымдастырылды.

Целиноград ауданының Ақмол ауылында Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Шолпан Рахматуллинаның төрағалығымен ауылдық округ әкімдері мен Отбасының цифрлық картасы деректерін өзектендіру жөніндегі аудандық штаб мүшелерінің қатысуымен оқыту семинар-



кеңесі өтті.

Іс-шара Целиноград ауданында Отбасының цифрлық картасы деректерін өзектендіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың сапасын арттыру және іс-шаралардың тиімділігін күшейту мақсатында өткізілді.

Семинар барысында қатысушыларға отбасылардың әлеуметтік әл-ауқат деңгейін айқындау, ауылдық округ әкімдерінің цифрлық жұмыс орнын ұйымдастыру, сондай-ақ жұмыспен қамту, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу және сүйемелдеу мәселелері бойынша әдістемелік түсіндірмелер берілді.

Ведомстваралық өзара іс-қимыл, мемлекеттік қолдау шараларын қажет ететін отбасыларды уақытылы анықтау, сондай-ақ халықпен атаулы жұмыстың сапасын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Оқыту семинар-кеңесінің қорытындысы бойынша осы бағыттағы жұмысты күшейту жөнінде тиісті ұсынымдар мен тапсырмалар берілді.

Е. ЕРАЛЫ.

Ақмол.

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым

2026 жыл 21 мамыр бейсенбі № 20 (471)

■ Президент

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АСТАНА LRT ЖҮЙЕСІН ІСКЕ ҚОСУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы қоғамдық көлікке, соның ішінде LRT жүйесіне мониторинг жүргізіп, жұмысын реттейтін Бірыңғай диспетчерлік орталықтың қызметімен танысты.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, LRT жүйесін іске қосу аясында жеңіл рельсті көліктің арнаулы диспетчерлік қызметі жасақталған. Қаладағы қоғамдық көлікке мониторинг жүргізу және оның қызметін реттеумен 21 маман айналысады.

Мемлекет басшысы жеңіл рельсті көліктің пайдалануға берілуі Астана мен еліміз үшін ерекше маңызды оқиға екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев елорда келешекте Еуразияның көлік хабына айналуға тиіс екенін айтты. Сондай-ақ жобаны табысты жүзеге асырған қытайлық компания тарапына ризашылық білдірді. Мемлекет басшысы LRT құрылысын жүргізіп жатқан қытайлық компания өкілдері мен CTS Transportation, Astana LRT жұмысшыларына сәттілік тілеп, жобаны одан әрі жалғастыруды тапсырды.

Содан кейін Президент Astana LRT жұмысын іске қосты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 001 сериялы карта берілді.

Мемлекет басшысы LRT жүйесінің алғашқы жолаушысы ретінде «Әуежай» станциясынан «Ұлттық музей» станциясына дейін жүрді.

LRT жүйесінің әр құрамы 600-ден астам жолаушы тасымалдауға арналған. Ұзындығы 22,4 шақырым болатын желі арқылы 15 құрам жүргізушісіз жүреді (4 құрам резервте). Басқару, жылдамдықты арттыру және тежеу, есікті ашу үдерістері, сондай-ақ төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер толығымен автоматтандырылған. Қосымша бақылау үшін қолмен басқару және диспетчермен байланысқа шығу мүмкіндігі қарастырылған.

LRT инфрақұрылымында 18 станция мен заманауи депо бар. Бағыт бойынша жолдың ұзақтығы шамамен 40 минутты құрайды. Құрамдар сағатына 50-60 шақырым орташа жылдамдықпен 5-6 минут сайын жүреді.

Қоғамдық көлікті одан әрі дамыту мақсатында LRT жобасының екінші кезегі іске асырыла бастады. Атап айтқанда, «Астана-1» вокзалы, «Жағалау» шағын ауданы, Қосшы қаласы бағыты бойынша жаңа желінің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. 20 станциядан тұратын екінші кезеңнің жалпы ұзындығы 26,5 шақырымды құрайды.

Akorda.kz





ТУҒАН ТАБИҒАТТЫ ТҮЛЕТЕЙІК!

«Eco-Ethno FEST: Таза Қазақстан» фестивалі
– жер тазалығы мен ұлттық рух үндескен
мерекеге айналды



Жұырда аудан орталығында экологиялық мәдениет, ұлттық құндылықтар мен жастардың қуатын тоғыстырған жарқын әрі тағалымы мол «Eco-Ethno FEST: Таза Қазақстан» фестивалі өтті.

Бұл күн жай ғана мерекелік шара емес, туған жерге, туған табиғатқа деген жауапкершіліктің, салт-дәстүрге деген құрметтің және адам мен табиғат үйлесімі басты құндылыққа айналатын болашаққа ұмтылыстың айқын көрінісі болды.

Фестиваль жоғары деңгейде ұйымдастырылып, Ақмол және Оразақ ауылдарының белсенді жастарын бір алаңға жинады. Жастар Отанға деген сүйіспеншілік ең алдымен туған ауылдың тазалығына жанашырлық танытудан, ата-баба мұрасын құрметтеуден және ел игілігі үшін бірлесіп еңбек етуден басталатынын нақты іспен дәлелдеді. Таңсәриден қатысушылар ауыл мен этно-ауыл аумағында ауқымды сенбілік өткізіп, айналаны тазартты. Бұл еңбекте қарапайым тазалық жұмысының өзінен де терең мағына жатты — туған жерге, аға буынның аманатына және Қазақстанның болашағына деген шынайы құрмет сезілді.

Фестиваль бағдарламасы мазмұнды әрі көпқырлы болды. Қонақтарды командалық ойындар, ұлттық спорт түрлері, қолөнер және тігін ісі бойынша шеберлік сабақтары, сондай-ақ табиғи қолдан сабын жасауға арналған тәжірибелік алаңдар күтті. Әрбір алаңның өзіндік мәні болды — заманауи экологиялық көзқарастың қазақ халқының бай мұрасымен үйлесімді үндесе алатынын көрсету. Мұнда дәстүрлер музей жәдігеріндей емес, тірі құндылық ретінде көрініс тауып, жастарға тәжірибе, шығармашылық және ортақ әрекет арқылы берілді.

Жастар бұл шараға жай қатысушы ретінде емес, оның басты қозғаушы күші әрі жүрегі ретінде атсалысты. Олардың жанарынан Қазақстанның болашағы дәл осындай бастамалар арқылы қалыптасатынын анық байқалды — таза көше, ұйымшыл орта, мәдениетке құрмет және елге пайдалы болуға деген ұмтылыс. Халық арасында айтылатын «нағыз патриотизм — үлкен сөзден емес, сенбілікте көтерілген бір қап қоқыстан басталады» деген ой осы күні нақты іс арқылы дәлелденді.

«Eco-Ethno FEST: Таза Қазақстан» экологиялық сана мен ұлттық болмысты ұштастырған ерекше алаңға айналды. Осындай шаралар белсенді, жауапкершілігі жоғары әрі өз тамырын терең құрметтейтін жаңа буын қазақстандықтарды қалыптастырады. Әсіресе, мұндай игі бастамалардың ауылдық жерде бастау алуы аса маңызды. Себебі ауыл — дәстүрдің алтын бесігі, жерге деген құрмет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті орта.

Ұйымдастырушылар фестивалдің мазмұнды әрі тағалымды өтуіне қолдау көрсеткен қазақ ауылының жетекшісі Алтынай ханымға ерекше алғыстарын білдірді. Бүгінде осындай бастамаларға қолдау көрсету өте маңызды. Өйткені дәл осындай жобалар арқылы қоғамдық жауапкершілік, азаматтық белсенділік пен жасампаз патриотизм мәдениеті қалыптасады.

Фестиваль аяқталды, бірақ оның әсері қатысушылардың жүрегінде ұзақ сақталары сөзсіз. Себебі мұндай шаралардан кейін тек таза көшелер ғана емес, таза ниет, бірлік сезімі және туған өлкені одан әрі көркейтуге деген сенім қалады.

Әлия ХАСЕНОВА,

Жастар ресурсы орталығының маманы.

Ақмол.

■ Редакция поштасынан

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ МӘДЕНИ ШАРА

8 мамыр күні әйелдер қауымының төрайымы Тұрсын Әубәкірқызының ұйымдастыруымен Аналар және отбасы күніне орай «Екі жұлдыз» ән байқауы өткізілді

Мәдени шараның ұйымдастырушылары: Целиноград ауданы Аналар кеңесінің төрайымы Ақманбетова Айнаш Бекбайқызы, Аналар кеңесінің мүшесі Айнагүл Талғатқызы. Байқаудың басты мақсаты - аналарға құрмет көрсету, ұлттық ән өнерін дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және өнерге жақын отбасылардың шығармашылығын қолдау болды.

Сайысқа Шалқар, Софиевка, Мәншүк, Оразақ және Қоянды ауылдарынан келген өнерлі жұптар қатысып, екі кезең бойынша бақ сынады.

1 кезең - «Сағыныш сазы» бөлімінде қатысушылар көпшілік ұмыта бастаған ескі әндерді орындады.

2 кезең - «Жүрек тербер әуендер» бөлімінде 80-90 жылдардың танымал әндерін шырқап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Байқау қорытындысы бойынша, бас жүлдені шалқарлық өнерпаздар жеңіп алды. Екінші орынды Қоянды, үшінші орынды Софиевка мен Мәншүк ауылдарының өнерлі жұптары иеленді.

Жеңімпаздар дипломдармен, Алғыс хаттармен және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар байқауға қатысқан балаларға да қосымша Алғыс хаттар табыс етілді. Іс - шара барысында аудан әкімі атынан Оразақ ауылдық округінің әкіміне, мектеп директорына, мәдени шараның жүргізушісі Асылжан Асылханқызы мен аналар кеңесінің мүшелеріне арнайы Алғыс хаттар



ұсынылды. Байқауға әділ қазы ретінде арнайы қонақтар қатысты.

Байқауға аудандық мәслихаттың төрайымы Қонарбаева Ләззат Амангелдіқызы, іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Коваль Лада Владимировна, Ішкі саясат бөлімінің басшысы Байдильдина Жанар Еркенқызы, аудандық аналар кеңесінің сарапшысы Қақабаева Зәуре Балуанқызы қазылық етті.

Шара барысында меймандар соғыс ардагерлеріне қойылған ескерткішке барып, гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Соңынан Оразақ орта мектебі оқушыларының қатысуымен концерттік бағдарлама назарға ұсынылды.

Асылбек РАМАЗАНУЛЫ,
зейнеткер.

Оразақ.

■ Брифинг

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА АИТВ-МЕН ӨМІР СҮРЕТІН НАУҚАСТАРДЫҢ 90 ПАЙЫЗДАН АСТАМЫ ҚОҒАМ ҮШІН ҚАУІПСІЗ

Бүгінде АИТВ диагнозы үкім емес. Ол ұзақ әрі сапалы өмір сүруге болатын созылмалы аурулар қатарына енді. Ең бастысы — емді уақытылы бастау. Өңірде мұндай ем әр адамға



қолжетімді.

«Ем — алдын алу құралы» қағидаты қалай жұмыс істейтіні және неге бүгінде АИТВ-мен өмір сүретін адамдар қоғамға қауіп төндірмейтіні туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық АИТВ инфекциясының



алдын алу орталығының бас дәрігері Нұрлан Ахильбеков пен бөлім меңгерушісі Сандуғаш Бұрмағанова айтып берді.

Қазіргі таңда облыста АИТВ мәртебесі бар шамамен 1,2 мың адам тұрады. Олардың басым бөлігі мемлекет тарапынан тегін медициналық көмек алады.

Заманауи дәрі-дәрмектердің арқасында адамның қанындағы вирус мөлшері соншалықты төмендейді, тіпті оны арнайы тесттердің өзі анықтай алмайды.

Медицинада бұл «А=А» қағидаты деп аталады: егер вирус анықталмаса, ол басқа адамға жұкпайды деген сөз. Бүгінде өңірде терапия қабылдап жүрген науқастардың 90 пайыздан астамы осындай нәтижеге қол жеткізген.

«Егер вирустық жүктеме анықталмайтын деңгейде сақталса, АИТВ жыныстық жолмен берілмейді — бұл ғылыми тұрғыда дәлелденген факт.

Бүгінде ем-дом толықтай мемлекет есебінен жүргізіледі, ал әр пациентпен дәрігерлер мен психологтардан құралған мамандар тобы жұмыс істейді», — деді Нұрлан Ахильбеков.

Дегенмен мамандар нәтижеге жету адамның өз жауапкершілігіне де байланысты екенін атап өтті. Дәрі-дәрмекті күн сайын, белгіленген уақытында қабылдау қажет.

Егер ем үзілсе, вирус қайта белсенді күйге өтуі мүмкін. Сондықтан орталықта медициналық көмектен бөлек, пациенттердің психологиялық жағдайына да ерекше көңіл бөлінеді.

«“А=А” қағидаты дәрігер кеңестерін қатаң сақтаған жағдайда ғана тиімді болады.

Егер адам дәрілерді қабылдауды тоқтатса, қауіп қайта туындайды. Біздің міндет — тек дәрі беріп қана қою емес, адамның емге бейімделуіне көмектесу. Сонда ол ондаған жыл бойы қалыпты өмір сүре алады», — деді Сандуғаш Бұрмағанова.

Қазіргі уақытта облыста АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың жұмыс істеуіне, отбасы құрып, дені сау бала дүниеге әкелуіне барлық жағдай жасалған.

Мамандар жағдайды бақылауда ұстау үшін АИТВ-ға тест тапсырудан қорықпау қажет екенін еске салады. Ем неғұрлым ерте басталса, вирус науқастың өзі мен жақындары үшін соғұрлым қауіпсіз болады.

Өңірлік коммуникациялар қызметі.

■ Қазақстан отбасындағы зорлық-зомбылықсыз



БІЗ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ

Қоғам қарқынды өзгеріп жатқан кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отбасы институтын нығайту мәселелері айрықша стратегиялық маңызға ие болып отыр. Осыған байланысты «Заң мен Тәртіп» қағидатын іске асыру аясында 2026 жыл елімізде «Қауіпсіз балалық шақ кепілі» жылы болып жарияланды. Бұл бастама әрбір баланың өзін қорғалған, қамқорлықта және болашағына сенімді сезінуіне бағытталған маңызды мемлекеттік қадам болды.

18 мамыр мен 8 маусым аралығында республика көлемінде «Қазақстан отбасындағы зорлық-зомбылықсыз» атты ауқымды флешмоб-акциясы өтуде. Аталған бастама мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдарды, педагогтерді, ата-аналар мен жастарды бір мақсатқа — отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз қоғам қалыптастыру ісіне жұмылдыруда.

Целиноград ауданында да бұл бастама кең қолдау тауып, отбасы құндылықтарын нығайту мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмыстың маңызды бөлігіне айналды. Акция аясында Қоянды ауылдық округінде округ жастарының белсенді қатысуымен кең ауқымды флешмоб ұйымдастырылды. Жастар зорлық-зомбылыққа қарсы бірыңғай ұн қатып, азаматтық жауапкершіліктің, әлеуметтік белсенділіктің және отбасындағы сыйластық пен қауіпсіздік қағидаттарына адалдықтың үлгісін көрсетті.

Іс-шара Целиноград ауданының Жастар ресурстық орталығы мен Целиноград аудандық полиция бөлімінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының бірлесуімен ұйымдастырылды.

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ — ЕЛ БОЛАШАҒЫ



18 мамыр мен 8 маусым аралығында еліміздің барлық аймағында осындай тақырыптағы ауқымды республикалық акция өтуде. Бұл шара Халықаралық балаларды қорғау күніне орайластырылған және Ішкі істер министрлігі жариялаған «Қауіпсіз балалық шақ кепілі» жылы аясында ұйымдастырылуда.

Мемлекет басшысының «Заң мен Тәртіп» қағидатын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі 2026 жылды «Қауіпсіз балалық шақ кепілі» жылы деп жариялады. Осыған байланысты отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарына сәйкес, республика көлемінде ауқымды флешмоб форматындағы акция басталды.

Басты назарда – балалар қауіпсіздігі

Бұл акцияның басты ерекшелігі – тұрмыстық зорлық-зомбылықты бастан кешірген балаларды қорғау және оларға қолдау көрсету тетіктерін жандандыру. Балалар – қоғамның ең қорғансыз бөлігі, сондықтан оларға дер кезінде көмек көрсету өте маңызды.

«Біздің мақсатымыз – тек зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алу ғана емес, сонымен қатар бала өмірі мен денсаулығына төнетін қауіптің жолын кесу, олар үшін қауіпсіз орта қалыптастырып, ересектер мен мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайту», — дейді ұйымдастырушылар.

Баланың анасын қорғаймын деп жүріп, агрессордың қолынан өзі зардап шегетін қайғылы жағдайлар бұл жұмыстың қаншалықты өзекті екенін көрсетіп отыр.

Акцияның негізгі мақсаттары:

- Нөлдік төзімділік: Қоғамда отбасылық

Мемлекеттік құрылымдар мен жастар ұйымдарының өзара ынтымақтастығы балалар құқығын қорғау, отбасы институтын нығайту және қауіпсіз әлеуметтік орта қалыптастыру жолындағы күш біріктірудің жарқын көрінісіне айналды.

Сонымен қатар бастама аясында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға және балаларды қорғау мәселелеріне қоғам назарын аударуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру тұрғысындағы кездесулер, профилактикалық шаралар, тақырыптық әңгімелер мен әлеуметтік акциялар өткізілуде. Әсіресе, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсету және қоғам мен мемлекеттік құрылымдардың өзара іс-қимыл тетіктерін күшейтуге ерекше назар аударылуда.

Бүгінде баланың қауіпсіздігі — тек отбасы мен мектептің ғана міндеті емес. Бұл — тұтас қоғамның кемелділігінің көрсеткіші. Баланың шат күлкісі естілетін, өзін құрмет пен қамқорлықта сезінетін ортада мықты мемлекеттің негізі қаланады. Сондықтан зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік қағидаты жай ғана әлеуметтік норма емес, қоғамдық сананың маңызды бөлігіне айналуы тиіс.

Отбасы әрқашан адам өміріндегі адамгершілік бағдарлардың, сенім мен рухани тұрақтылықтың қайнар көзі болып қала береді. Дәл осы отбасында сыйластық, жауапкершілік, өзара көмек пен жанашырлық қасиеттері қалыптасады. Осы құндылықтарды сақтау — қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Себебі берік отбасы — тұрақтылықтың, қоғамдық келісімнің және елдің жарқын болашағының негізі.

Өткізіліп жатқан акция балаларды қорғау — мемлекет пен қоғамның, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі екенін тағы бір мәрте еске салады. Бұл тек құқық бұзушылықтардың алдын алу ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақтың өмірі мен денсаулығын, психологиялық саулығын сақтау мәселесі. Балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру — Қазақстанның болашағына, оның тұрақты дамуы мен адами капиталына салынған инвестиция.

Зорлық-зомбылыққа жол жоқ. Немқұрайлыққа жол жоқ.

Әрбір баланың қауіпсіз әрі бақытты балалық шағы қоғамның басымдығына айналуы тиіс. Өйткені балаларға деген қамқорлықтан күшті, әділетті және ізгілікті мемлекеттің іргесі қаланады.

Ә. ЭПСАТҚЫЗЫ,
Жастар орталығының маманы.

Ақмол.

■ Мемлекеттік қызмет

Ақмол ауылы №11 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде (ППТК) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығымен бекітілген «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы негізінде, ерекше білім беруге қажеттілігі бар (қору қабілеті бұзылған, есту қабілеті бұзылған, сөйлеу тілінің бұзылыстары бар, сөйлеу тілінің дамуы тежелген, тірек-қимыл аппараты қызметінің бұзылысы бар, зерде бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген, эмоциялық-ерік әрекетінде және мінез-құлқында бұзылыстары бар) балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ОҢАЛТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ

Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы):

1) Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, № 1А ғимараты мекен-жайы бойынша қабылдайды. №11 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің жұмыс кестесі: дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін. Аталған қызметті алу үшін №11 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне жүгінгенде, мына құжаттардың тізбесін өткізу қажет:

1) көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (занды өкілінің) еркін нысандағы өтініші;

2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы.

8 (716) 51 30-341 телефоны арқылы немесе көрсетілетін қызметті алушы тікелей жүгінген кезде алдын ала жазылу кезделген.

2) «Электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүгінген кезде мынадай құжаттардың тізбесін ұсыну қажет:

1) көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (занды өкілінің) еркін нысандағы өтініші;

2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы.

3) көрсетілетін қызметті алушы тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүгінген кезде www.egov.kz:

1) көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (занды өкілінің) өтініші (тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша жүгінеді www.egov.kz);

2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысының нөмірі.

ППТК № 11 әкімшілігі.

Ақмол.

■ ТЖБ ескертеді

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН САҚТАУ — МІНДЕТ

Өрт – адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың бірі. Көп жағдайда өрттің шығуына адамдардың салғырттығы, қауіпсіздік ережелерін сақтамау, электр құрылғыларын дұрыс пайдаланбау немесе отты абайсыз қолдану себеп болады. Сондықтан өрт қауіпсіздігін сақтау – әрбір азаматтың басты міндеттерінің бірі.

Астана қаласы Пригородный тұрғын алабында орналасқан «Жасыл аймақ» РММ ұжымы табиғатты қорғау мен жасыл желекті күтіп-баптау жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді. Әсіресе көктемгі-жазғы маусымда өрт қауіпсіздігін сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Себебі, құрғақ шөп, жоғары температура және адам салғырттығы өрттің шығу қаупін арттырады. Орман және дала алқаптарындағы өрт табиғатқа орны толмас зиян келтіреді. Сондықтан әрбір қызметкер мен тұрғын өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауы қажет.

Өрттің алдын алу үшін:

- белгіленбеген жерде от жақпау;
- темекі тұқылын жерге тастамау;
- құрғақ шөп пен қоқысты өртемеу;
- техникалық құралдардың жарамдылығын бақылау;
- өрт сөндіру құралдарын дайын күйде ұстау маңызды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өрт оқиғаларының басым бөлігі тұрғын үйлерде, өндіріс орындарында және орман алқаптарында тіркеледі. Әсіресе көктем мен жаз мезгілінде құрғақ шөптің жануы мен орман өрттері жиілейді. Табиғат аясында от жағу, темекі тұқылын тастау немесе коқыс өртеу үлкен апатқа алып келуі мүмкін. Өмірге қауіп төнген жағдайда өз бетінше өртті сөндіруге әрекет жасамаған дұрыс.

Әсіресе жаз мезгілінде дала және орман өрттерінің қауіпі артады. Құрғақ шөпті өртеу, сөндірілмеген темекі тұқылы немесе от қалдықтары үлкен өртке себеп болуы мүмкін. Табиғатты қорғау және адамдардың қауіпсіздігін сақтау үшін демалыс орындарында отты толық сөндіріп кету маңызды. Өрт кезінде ең бастысы – сабыр сақтау.

Мұндай жағдайда дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарласып, адамдарды қауіпсіз жерге эвакуациялау қажет. Егер мүмкіндік болса, бастапқы өрт сөндіру құралдарын пайдаланып, өртті таралмай тұрып сөндіруге әрекет жасау керек. «Жасыл аймақ» РММ қызметкерлері жасыл желекті сақтау және қоршаған ортаны қорғау бағытында профилактикалық жұмыстар жүргізіп, тұрғындарды қауіпсіздікке бейжай қарамауға шақырады. Табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау арқылы біз қоршаған ортаны, мүлкті және адам өмірін сақтай аламыз.

Қымбат ЕРГЕШ,
РГП «Жасыл Аймақ» Астана орманшылығының орман шебері.

Аудан көлеміндегі іс-шаралар

«Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» акциясы аясында біздің ауданымызда да ауқымды жұмыстар жүргізіледі. Полиция қызметкерлері, әкімдік жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, ақсақалдар, мектеп оқушылары мен еріктілердің қатысуымен төмендегідей шаралар жоспарланған:

1. Дөңгелек үстелдер мен лекциялар;
2. Психологиялық тренингтер;
3. Профилактикалық рейдтер;
4. Қайырымдылық акциялары.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – тек бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның қасіреті. Сондықтан әрбір азаматты осы акцияға белсене қатысуға, айналасындағы заңсыздықтарға бейжай қарамауға шақырамыз.

Қаперлеріңізде болсын:

Егер сіз зорлық-зомбылыққа куә болсаңыз немесе көмек қажет болса, дереу тиісті органдарға хабарласыңыз. Сіздің дер кезінде жасаған әрекетіңіз біреудің өмірін сақтап қалуы мүмкін.

Қазақстан – зорлық-зомбылықсыз ел!

Г. НҰРХАНОВА,

Целиноград аудандық ПБ-і отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы.

Ақмол.

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛГІ

17 мамыр Дүниежүзілік электр байланысы және ақпараттық қоғам күні. «Қазақтелеком» АҚ ұжымы үшін бұл — ауданымыздың тұрғындарын кез келген ауа райында және кез келген жағдайда сапалы байланыспен қамтамасыз етіп отырған жандардың басын қосатын басты кәсіби мерекесі.

Биылғы мерекелік жылды біздің ұжым оң өзгерістер қарсаңында қарсы алуда. Жақында Целиноград желілік-техникалық цехының (ЖТЦ) басшылығына Қуанышбеков Азамат Қырбайұлы келді. Лауазымға жуырда ғана кіріскеніне қарамастан, Азамат Қырбайұлы өзін жігерлі, заманауи және өндірістік процестерге терең бойлай білетін көшбасшы ретінде көрсетті. Оның жетекшілігімен кәсіпорын жаңа, өршіл жоспарларды сенімді түрде белгілеуде. Дегенмен, кез келген өршіл мақсаттарға сенімді командасыз қолжеткізу мүмкін емес. Кәсіпорнымыздың басты тірегі әрі мақтанышы — оның қызметкерлері. Мерекесі қарсаңында әр бөлімшенің қосқан үлесін атап өткізіп келеді, өйткені біздің жұмысымыз — бірқалыпты жұмыс істейтін ортақ, тұтас механизм. Құрылымдағы негізгі орынды ЖЖТҚЦ (жергілікті желілерге техникалық қызмет көрсету цехы) қызметі алады — бұл кәсіпорынның негізі мен сенімді тірегі.

ТЖЖСЖҚО (техникалық және сервистік жұмыстарды қабылдау орталығы) қызметі — байланыс бастау алатын ең алғашқы қадам, алтын бастау. ЭЖҚЦ (энергетика және климаттық техника цехы) қызметінің аты айтып тұрғандай: бұл — біздің қуатымыз бен жылжуымыз. ТЕЖПҚ (техникалық есепке алу және паспорттау қызметі) — барлық маңызды деректер ұқыпты сақталатын өзіндік бір мәліметтер банкі. СФ (сервистік фабрика / жүргізушілер) қызметі — біздің басты қозғаушы күшіміз, жылдамдық пен ұтқырлық кепілі. Ал В2С қызметі (бөлшек клиенттермен жұмыс) — компаниямыздың нағыз бейнесі, күн сайын халықпен тікелей тілдесетін мамандар. Біздің команда — әркім өз орнында жүктелген міндеттерді нақты орындайтын, тәжірибе мен жастық жалынның бірегей ұштасуы. Күзет қызметі мен техникалық қызметкерлерге атқарған маңызды еңбектері үшін ерекше алғыс білдіреміз. Құрметті әріптестер, ардақты байланысшылар! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа басшылығымызға барлық жоспарларды іске асыруда сенімділік, ал барша ұжымға мықты денсаулық, апатсыз жұмыс, тұрақты сигнал, ауқымды жобалар, жоғары та-



Быс және отбасылық бақ-береке тілеймін. Байланыс күні құтты болсын!

Жанат АЙТМАҒАМБЕТОВА,
ТЕЖПҚ жетекші инженері.
Ақмол.

Хабарландыру

«Мейірім» АӘҚКО» КММ 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 2026 жылғы 4 маусымға дейін (қоса алғанда) 5 жұмыс күні ішінде қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында (ndbecology.gov.kz) «Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» Біржан сал ауданы, «Мейірім» арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ үшін жобасы бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Жобалық құжаттама пакетімен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz ескертулер мен ұсыныстар беру үшін. Орындаушы: Джумагулова А.Е., 8(7172)21-22-87. Бастамашы: «Мейірім» АӘҚКО» КММ, +7(71639)28173.

«ХПП Жайнак» ЖШС Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер а.о., 014 ес.кв., 3314 құр. жұмыс істеп тұрған «ХПП Жайнак» ЖШС аумағында «Зауыт құрылысы» жұмыс жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдарына ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді (ҚОҚБ, ШРН, ӨЭББ, ҚББ, ТҚІЖ жобалары).

Жоспарланған іс-әрекеттің әсер ету аймағы: Целиноград ауданы, Арайлы а.о. (бұрын Максимовский), Жайнак ауылы; Целиноград ауданы, Талапкер а.о. Талапкер а.

Тыңдаулар 26.06.2026 ж. 12:00-де Целиноград ауданы, Арайлы а.о., Арайлы а. (бұрын Максимовский), әкімдік ғимараты (Жайнак ауданының тұрғындарын жеткізу ұйымдастырылады); 26.06.2026 ж. 15:00-де Целиноград ауданы, Талапкер а.о., Талапкер а. әкімдік ғимараты, Досаев көшесі, 67 мекенжайы бойынша өтеді.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 51°18'19.50»С 71°5'0.06»В, 2. 51°18'24.56»С 71°5'3.30»В, 3. 51°18'18.52»С 71°5'21.87»В, 4. 51°18'13.63»С 71°5'17.68»В.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 51°18'28.48»С, 71°4'32.11»В; 51°14'36.00»С, 71°9'5.59»В.

Zoom платформасындағы бейнеконференция байланысына сілтеме: 12:00-де <https://us04web.zoom.us/j/7352077214?pwd=PmNFVWdG20XhSnNcbMPXgulTOKtjEN.1> Конференция сәйкестендіргіші: 735 2077 7214. Қол жеткізу коды: m33y0Y Конференция идентификаторы: 735 2077 7214. Кіру коды: m33y0Y. 15:00-де <https://us04web.zoom.us/j/71357631705?pwd=PPrs9H9pbCBjKjU68Fubia58hs8ZccX.1> Конференцияның сәйкестендіргіші: 713 5763 1705. Қол жеткізу коды: 892386.

Бастамашы: «ХПП Жайнак» ЖШС, БСН: 230540024130, Астана қаласы, Алматы ауданы, Абылай хан даңғылы, 25/2 үй, 41 пәтер. тел: 87021101041, e-mail: hpp_zhainak@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: ЖК Сейсенбаева А.Д., Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114 в, тел. 87058742384, e-mail: info.cent2017@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, сондай-ақ ЖАО сайтында орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/>. Жоспарланған отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұратуды e-mail: info.cent2017@mail.ru арқылы немесе 87058742384 телефон бойынша алуға болады.

Мүдделі жұртшылық ескертулері мен ұсыныстарын жіберетін жергілікті атқарушы орган - «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89, тел.: 8 (7162) 402807, электрондық мекенжайы: upr.expertiza@mail.ru.

«BECARYS» ЖШС «Ақмола облысы, Целиноград ауданы»

ны, С.А.Талапкер, С.Талапкер, 014 есептік квартал, 3265 жер учаскесінде орналасқан Жем-шоп өндіру (дайындау) цехы» жұмыс жобасына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 24 маусым 2026 жылы сағат 15:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ыбырай Алтынсарин ауылы, А.Құнанбаев көшесі, 33 (мектеп ғимараты), мәжіліс залында өтеді.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыс өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Әсер ету аумағы: Ақмола облысы. Әсер ету аумағының координаттары:

1. 51°15'16.0075»N 71°18'35.7337»E
2. 51°15'6.1188»N 71°18'33.3416»E
3. 51°15'6.2444»N 71°18'28.9876»E
4. 51°15'6.2895»N 71°18'28.9584»E
5. 51°15'16.4227»N 71°18'23.3888»E

Төтенше жағдай және (немесе) карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы шектеу шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRlIUUVZERTBXY0NjZTFU4yQ0T09&omn=74593578200>.

Конференция идентификаторы: 906 397 8907. Қатынас коды: 11111. Бастамашы: «BECARYS» ЖШС, мекенжайы: 010012, ҚР, Астана қаласы, Жансүгіров көшесі 8, 64 кеңсе. Ұялы тел.: +7 701 434 4331. Құжаттаманы әзірлеуші— «EcoDelo» ЖК. Мекенжайы: 010000, Астана қ. Б. Майлин көшесі, 19, 502 кабинет. Байланыс деректері: тел: +77712764966, эл. мекенжайы: m.abilgazina@ecodelo.kz.

Қосымша ақпарат алу үшін мекенжай мен байланыс нөмірі: Астана қ., Алматы ауданы, Майлина көш., 19. 502 каб. Тел. +7 777 100 1345

Жобаға қатысты құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=kk> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жергілікті атқарушы орган – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: ҚР, 020000, Көкшетау қ., Абай к-сі, 89 үй, сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=kk>, электрондық мекенжайы: upr.expertiza@mail.ru, тел: +7 (7162) 25-19-86.

Ескертулер мен ұсыныстар төмендегі жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады: upr.expertiza@mail.ru және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында.

«KC Global» ЖШС «Жания» пайдалы қазбалар кен орнындағы тау-кен жұмыстары жоспарына арналған қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ыбырай Алтынсарин ауылы.

«Жания» кен орнының географиялық координаттары: »: 1) 51°18'17,36» С. Е., 71°13'43,44» Ш. Б.; 2) 51°18'17,36» С. Е., 71°13'52,11» Ш. Б.; 3) 51°18'09,27» С. Е., 71°13'53,24» Ш. Б.; 4) 51°18'00,86» С. Е., 71°13'53,21» Ш. Б.; 5) 51°18'00,46» С. Е., 71°13'43,01» Ш. Б.; 6) 51°18'09,36» С. Е., 71°13'43,01» Ш. Б.; 7) 51°18'08,96» С. Е., 71°13'31,91» Ш. Б.

Тыңдаулар 24.06.2026 сағат 11.00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер а.о., Ыбырай Алтынсарин ауылы, Ы.Алтынсарин ауылының орта мектебінің ғимараты, А. Құнанбаев көшесі, 33 мекенжайы бойынша өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады. Онлайн тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/86994012016?pwd=AoJUSaffLoXLNRth0yld41YGxTbS1>

Конференция идентификаторы: 869 9401 2016 кіру коды: 7p9MJ Тапсырыс беруші: «KC Global» ЖШС, 010000, Астана қаласы,

Сарыарқа ауданы, Тарас Шевченко көшесі, 8/1 үй, Вп-12 корпусы, н. п. 12

Әзірлеуші: «РУДПРОЕКТ» ЖШС Астана қ., Жумабаева к-сі, 37, тел. 87054709866

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/>

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: rudproject@mail.ru 87054709866

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел. 8 (7162) 40-28-07 expreso2@mail.ru

Ескертулер мен ұсыныстар Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел. 8 (7162) 40-28-07 мекенжайы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады expreso2@mail.ru, сондай-ақ сайтта: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/?lang=ru>

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: «Қазақстан» Республикалық телерадиокомпаниясы» телерадиоарнасы, «Esil Nura» газеті, «Вестник Ақмола» газеті.

«KC Global» ЖШС «Жания» пайдалы қазбалар кен орнында тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ыбырай Алтынсарин ауылы.

«Жания» кен орнының географиялық координаттары: »: 1) 51°18'17,36» С. Е., 71°13'43,44» Ш. Б.; 2) 51°18'17,36» С. Е., 71°13'52,11» Ш. Б.; 3) 51°18'09,27» С. Е., 71°13'53,24» Ш. Б.; 4) 51°18'00,86» С. Е., 71°13'53,21» Ш. Б.; 5) 51°18'00,46» С. Е., 71°13'43,01» Ш. Б.; 6) 51°18'09,36» С. Е., 71°13'43,01» Ш. Б.; 7) 51°18'08,96» С. Е., 71°13'31,91» Ш. Б.

Тыңдаулар 24.06.2026 сағат 12.00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер а.о., Ыбырай Алтынсарин ауылы, Ы.Алтынсарин ауылының орта мектебінің ғимараты, А. Құнанбаев көшесі, 33 мекенжайы бойынша өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады. Онлайн тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/82936207261?pwd=ICGjmw5SxSwjYkBDXjXbk6GvQMmsK.1>

Конференция идентификаторы: 829 3620 7261 кіру коды: 7ADk9p Тапсырыс беруші: «KC Global» ЖШС, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Тарас Шевченко көшесі, 8/1 үй, Вп-12 корпусы, н. п. 12

Әзірлеуші: «РУДПРОЕКТ» ЖШС Астана қ., Жумабаева к-сі, 37, тел. 87054709866

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/>

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: rudproject@mail.ru 87054709866

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел. 8 (7162) 40-28-07 expreso2@mail.ru

Ескертулер мен ұсыныстар Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел. 8 (7162) 40-28-07 мекенжайы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады expreso2@mail.ru, сондай-ақ сайтта: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/?lang=ru>

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: «Қазақстан» Республикалық телерадиокомпаниясы» телерадиоарнасы, «Esil Nura» газеті, «Вестник Ақмола» газеті.

Esil-Nura
Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдінг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігінің және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күәлігінің 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 96.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.
Редакция әрбір автордың пікірін келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға – берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537
e-mail: vestiakmola@mail.ru
Сайт: vestiakmola.kz
f i t